



БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 25 ақпан
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 94
город Астана

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
ұлттық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік
қоғамының директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2026 жылғы 20 ақпандағы № КГИП-02-КГ/1057 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесінің құзыреті мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамы 5 (бес) адам болып белгіленсін.

3. Қоғамның директорлар кеңесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес құрамда сайлансын.

4. Қоғамның директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) жыл болып белгіленсін.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2026 жылғы « 25 » 02
№ 94 бұйрығына қосымша

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық
зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
директорлар кеңесінің құрамы**

Тоқтыбаев Ернар
Дүйсенбекұлы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы
білім министрлігі инфрақұрылымдық жобалар,
мемлекеттік тапсырыс және активтер
департаментінің директоры;

Жайжұманова
Әсемгүл Абайқызы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитеті Мемлекет қатысатын мемлекеттік
емес заңды тұлғалармен жұмыс басқармасының
басшысы (келісім бойынша);

Дулатбеков
Нұрлан Орынбасарұлы

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды
ұлттық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының басқарма
төрағасы – Ректоры;

Мамытбеков
Едил Куламкадырович

Қазақстан Республикасының қоғам қайраткері,
тәуелсіз директор (келісім бойынша);

Кумысбеков
Айбек Кумысбекович

«B2C» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
директоры, тәуелсіз директор (келісім
бойынша).